

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

the country is going to shoot the film, which will also have a culture besides their own. From the above, you can understand that it all depends on how the shooting of this film is prepared, how the film crew prepares information about a particular country and culture, how to present it on the screens. Of course, this can also apply to domestic films.

Kazakh culture, like any other culture, is an extraordinarily complex process in terms of composition. Therefore, in any case, when describing culture and life in the cinema, one way or another, you need to study this culture. Because this is a very thin line that is easy to cross, and then it can cross into a conflict. An example is how Americans most often portray Chinese or Latin American culture in their films. All this looks as clichéd as possible or as a superficial description of culture without any rational and in-depth explanations. The aforementioned situation with the film "Borat" fully fits that description. Even if the message of this film was sarcastic because it completely affected the life, culture, and structure of the country. All this caused a flurry of negative emotions, which is understandable. The complexity of high-quality films that are well prepared for shooting, completely immersed in the study of the history of culture and people, its origin, and so on, is that these films can only be understood by those people who are already familiar with this culture. For people who are not familiar with this culture, they will not be able to fully enjoy this work in the way it was intended. Of course, there is a possibility that ignorance, on the contrary, will be able to show interest in people belonging to a different culture. For example, how the western genre was able to interest other people and so on.

### References

1. <https://ru.sputnik.kz/20191025/film-tomiris-prokat-11864942.html>
2. [https://www.instagram.com/p/CB5J5UYHoD1/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CB5J5UYHoD1/?utm_source=ig_web_copy_link)
3. <https://voxpopuli.kz/vavilon-v-nashey-ere-za-kulisami-filma-tomiris-13809/>
4. <https://informburo.kz/stati/eto-feministicheskij-film-hto-kinokritiki-dumayut-o-kartine-akana-sataeva-tomiris.html>
5. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kuveyte-vmesto-gimna-kazahstana-vklyuchili-gimn-filma-borat-210693/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kuveyte-vmesto-gimna-kazahstana-vklyuchili-gimn-filma-borat-210693/)
6. [https://www.instagram.com/tv/CGPUZLBABjX/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/tv/CGPUZLBABjX/?utm_source=ig_web_copy_link)
7. <https://tengrinews.kz/cinema/serial-marko-polo-uchastiem-kazahstanskih-akterov-264323/#:~:text=%D0%98%D0%B7%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B8%D1%85%20%D0%B0%D0%BA%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%BE%D0%B2%20%D0%B2%20%D1%81%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D0%B5,%22%2C%20%22%D0%91%D0%B0%D0%BA%D1%81%D1%8B%22>

МРНТИ 13.15.51

### АСТАНА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЖАҢА МӘДЕНИ МӘТІНДЕР

**Андабаева Балнұр Мұхтарқызы**  
«Мәдениеттану» ББ 4 курс студенті,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Рамазанова А.Ч.

Қалалық мәдениеттің қазіргі жағдайын сипаттайтын қаланың өзіндік спецификалық мәтіні болады. Бұл мәтінге тек қана қала туралы тұлғалардың ойларын емес, қаланың практикалық түрдегі сипатын, яғни, сәулет келбетін, қоғамдық кеңістігін, қалалық инфрақұрылымды, ашық

және жабық кеңістіктерін жатқызуға болады. Егер қала мәтін болса, онда оның көптеген қабаттары мен мағыналары, соның ішінде тікелей және метафоралық мағыналары болуы мүмкін. Қаланың мәтіні ерекше, ол адамдардың дене тәжірибесімен, олардың қалай қозғалатындығымен, қандай маршруттармен жүретіндігімен, қандай жерлерге баратындығымен жазылады.

Астана қаласының мәтіні 1997 жылы елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіріп, 1998 жылы Астана атауын берген уақыттан бастап жазыла бастады. Астана – өзіндік тарихи оқиғаларға бай қала. Ресми тұрғыдан қарағанда қала статусын 1830 жылы Ақмола бекінісі салынғаннан кейін алғанымен, бұл қаланың елорда ретінде тарихы терең. Ерте кезеңнен-ақ бұл аумақта көшпенділер шоғырланып, ордаларын құрған. Маңызды кездесулер өтіп, Сарыарқа көшпенділерінің мәселелері талқыға салынып отырған аймақ болған. Бұған дәлел ретінде, 2003 жылы қазіргі қаланың орнында ерте кезеңде билеушілердің резиденциясы ретінде айқындалған ортағасырлық қала болғаны археологтармен дәлелденген болатын [1].

Негізінен, Ақмоланың елордаға айналуының оңтайлы себептері болды, қаланың Қазақстанның орталығына жақын, ірі көлік жолдарының қиылысқан жерінде орналасуы, көлік инфрақұрылымының өркендеуі секілді жағдайлар қаланы қысқа уақыт ішінде республиканың орталығына айналдыруға септігін тигізді.

1997 жылы Қазақстанда жаңа астана пайда болды. Осы кезден бастап Астана қаласының сәулет келбеті жаңа бағытта дамыды. Яғни, қаланың «имиджін» қалыптастыру процесі басталды. Сондықтан, 1998 жылы Қазақстанға осы дәуірдің ең үздік сәулетшілері шақыртылып, қаланың дизайнын құру бойынша конкурс жарияланды. Конкурс нәтижесінде Астана қаласының дизайнын құру атағына әйгілі япондық сәулетші К. Курокава ие болды [2].

К. Курокаваның идеясы жаңадан тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасының елордасының имиджін құру идеясымен сәйкес келді. Ол өзінің Астана қаласының эскиз-жоспарының метаболикалық концепциясында симбиоз тақырыбын қозғады. Кеңестік дәуірдегі сәулет өнері мен жаңа ғасыр сәулет өнері футуризмнің, шығыстың ұлттық дәстүрі мен батыстық философияның үйлесімін құрады. Астана өткен мен болашақты байланыстырып тұратын симбиотикалық қала ретінде айқындалды. Қала мәтінінің сәулет келбетіне сай үнемі жаңарып отыруы, оның басында сызықтық зоналау жобасымен тығыз байланысты. Қаланың жаңа эскиз-жоспары бойынша Астананы толерантты қала ретінде айқындай отырып, қала сәулет келбетінде мешіттерге ғана емес, орыс православтық шіркеулеріне және басқа конфессияларға орындар бөлінді [2, 23 б.].

Астананың жаңа сәулеттік келбетін құрудағы басты идея қала символикасында дәстүрлі қазақ тұрмысы мен жаһандану процесстерінің үйлесімі болды. Н. Назарбаевтың ойы бойынша жаңа қалада Еуропаның әсемдігі мен Шығыстың нақтылығы үйлесуі керек болды. Өз тіршілік ортасында қала халқы өздерін жайлы, еркін, сенімді әрі қазіргі модернизациялық процесстерден оқшауланбаған халық ретінде сезінуі керек болды [3, 98 б.].

Қаланы әрі қарай дамыту қайта орналастыру бойынша ерекше шешімдерді талап етті. Қалалық бюджет ол кездерде қалалық кеңістікті түгелдей қайта ұйымдастыруға жетпейтіні белгілі болатын. Сондықтан, 2001 жылдың екінші жартысындағы ең маңызды шешімдердің бірі Н. Назарбаевтың «арнайы экономикалық зона құру туралы Жарлыққа» қол қоюы болды [4, 100 б.]. Бұл жайында 2005 жылы тұңғыш президент өзінің «Еуразия жүрегінде» деп аталатын еңбегінде жазған болатын: «Астананың бас жоспарында қаланған идеологиялық іргетаста біз арнайы экономикалық аймақ құру, сәулет жоспарларымызды жүзеге асыруға инвестиция ағынын ынталандыру арқылы экономикалық-қаржылық негіз қаладық... Ал менің пайымдауымша, бұл арнайы аймақ инвесторлардың нарықтық мүдделері мен ел үкіметінің мемлекеттік басымдықтарын оңтайлы үйлестіретін жаңа астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының ең тиімді үлгісіне айналды».

Тұңғыш президенттің тапсырмасымен елорданың көшіруінің бірінші күнінен бастап тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу қолға алынды. Көрінбейтін ескі әкімшілік «қораптардың» орнына шыны мен бетоннан заманауи, көрнекі ғимараттар салынды. Астана қаласының дизайны мен сәулет келбетінде басым стиль жоқ, гиперсимволизм, эклектика, аисторизмнің үйлесімінен тұрды. Концепция бойынша қала үнемі өзгерістерге дайын болып отыруы керек болды. Жобадағы сызықтық зонalandыру осы идеяны іске асыруға септігін тигізді.

Жобалық шешімнің ең көрнекілерінің бірі 1998 жылы В. Лаптев пен В. Гладких сәулетшілерінің жобасымен салынған Қаржы министрлігінің ғимараты болды. Ғимарат экономикалық қиындықтардың көлінде желге қарсы тұрған, тұрақты желкенді бейнелейді. Бұл сәулеттік жобаның жасалуы кездейсоқ болған жоқ. Объект қиын қалалық контекстте орналасқан еді: бір жағынан, ортасынан эспланада кеңістігін жалғастыру керек болса, екінші жағынан таяудағы көшелерге сыйып кетуі керек болды. Дәл осы факторлар авторларды қисық сызықтардың динамикасына алып келді [3, 104 б.].

Сонымен қатар, қаланың сәулеттік көрінісін құруда Студенттер даңғылының (қазіргі таңда Абылай хан даңғылы) салынуы болды. Ол облыс орталығы болған ескі қаланың жалғасы бола отырып, жаңа елорданың жаңа құрылыстарға арналған орталығына айналды. Қаланың бұл бөлігі жебедей тік, әрі ұзын даңғыл мен оны қоршаған заманауи мөлтек аудандардан тұрады.

Жаңа мөлтек ауданның құрылысы жайында 2000 мынадай ақпарат жарияланған болатын: «Үш жыл бұрын бұл жерде даланың шыбын-шіркейлері емін-еркін жайнап, жел қауырсынды шөптердің шоқтарын толқын етіп айдап, ауада жусанның ащы иісі аңқып тұрған. Алайда, бүгінде, бірінен соң бірі тұтас бір шағын ауданды құрайтын үйлер – Астананың ең жас әрі ең көрікті ауданы – Әл-Фараби шағын ауданын құрайтын үйлер пайда болды».

Осылайша, 1997-1999 жылдардың аймақтық баспаларынан алынған мәліметтер бойынша, қаланың сәулет көрінісінде ғана емес, қаланың функционалдық құрылымында да өзгерістер орын алып, Астана қаласы жаңа қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени функцияларды атқаратын жаңа типтік қала ретінде айқындалды.

Астана – көрнекті ғимараттардың қаласы. Астана қаласындағы әр жаңа ғимарат заманауи стильдерде соғылғанымен, ерекше көшпенді қазақ халқының тарихымен байланыстыратын символдарға ие. Бұл жайында канадалық жазушы Ф. Альба «Астана: архитектура, мифтер, мақсаты» кітабында баяндады. Сонымен қатар, ол Астананы экологиялық тұрақтылық, діни толеранттылық және ядролық қарудан бас тарту секілді үш басты критерийге сәйкес келетін жалғыз қала ретінде сипаттады. Автор осы жағдайды қамтамасыз етудегі Бейбітшілік және Келісім сарайының, «Экспо» орталығының, Назарбаев орталығының рөлін атап өтті [5, 145 б.].

Астана қаласының ғана емес, бүкіл Қазақ елінің символы ретінде белгілі құрылыс – «Астана-Бәйтерек» монументі. Монументтің құрылымы түркі халықтарының мифологиялық жер мен көкті ұстап тұратын бәйтерек ағашының үстіне киелі самұрық құсы басқан алтын жұмыртқаны бейнелейді. Мұнараның биіктігі 97 м құрауы да елорданың Астана қаласына 1997 жылы ауысқанымен байланысты. Шардың ортасында 17 дін өкілдерінің қолтаңбалары қойылған глобус орнатылған. Монумент қала орталығын кесіп өтетін Нұрлы Жол бульварының бойында, алаңның орталық осында орналасқан. Монумент Астана қаласының биіктігін, асқарлығын, еліміздің тұрақтылығының символы ретінде қарастырылады.

Британдық сәулетші Н. Фостердің авторлығындағы мифке толы ғимарат – Пирамида, ресми атауы – «Бейбітшілік және келісім сарайы». Пирамиданың эзотерикалық мәні көп екені барлығына белгілі. Алайда, академик Ғ. Есім «Елорда – ертегі әлемі» мақаласында пирамиданың Астананың мақтанышы, символы ретіндегі орнын бес түрлі дәлелмен анықтап берді.

Біріншіден, пирамиданы елдің тұрақтылығының, іргетасының мықтылығының белгісі ретінде көрсетеді. Тіпті Қозы Көрпеш-Баян сұлу мазарын мысалға ала отырып, қазақ халқында

мұндай символдың ежелден бар екенін дәлелдейді. Екіншіден, академик пирамидалық ойлау жүйесі туралы ой толғайды. Қазақта «төрт құбылаң тең болсын» деген сөз бар. Ғ. Есім төрт бұрышты халық, яки, қоғам деп алып ол жоғарылаған сайын бір бұрыш билікті меңзейтінін түсіндіреді. Осылайша, пирамиданы биліктің және биіктіктің символы ретінде қарастырады. Бесінші дәлелінде ғалым пирамиданы киіз үйге теңейді. Расында, пирамиданың ең жоғарғы нүктесі – биіктік болса, киіз үйдің шаңырағы – қазақ халқы үшін биіктік.

Қала ғимараттарының ішіндегі тағы бір ерекшеленетіні – Хан Шатыр сауда ойын-сауық орталығы. Хан Шатырдың да сәулетін жасаған британдық сәулетші Н. Фостер болатын. Нұрлы Жол бульварының аяғында орналасқан бұл ғимарат ханның шатырына ұқсас етіп құрылғандықтан солай аталған.

Қаладағы ең ұзын ғимарат – Министрліктер үйінің ғимараты. Ол ортасында жаяу жүргіншілерге жол ашылған екі ғимараттың қосындысынан тұрады. Жоғарыдан қараса, екі ғимарат самұрық құсының екі қанатындай жайылғанын көруге болады.

Ал, Қазақстанның визит карточкасы саналатын япондық сәулетшінің эскизімен салынған, Астана Халықаралық аэропорты бір емес, бірнеше мифологиялық символдарды жинаған ғимарат болып табылады. Дүниенің төрт бұрышындай төрт қанаты, мұсылмандардың символы саналатын күмбезі, және ортасында барлығын біріктіріп тұратын үлкен шаңырағы шыныдан жасалған сәулеттік құрылысты нағыз қазақ мәдениетінің символына айналдырады.

Канадалық жазушы Ф. Альбаның баяндауынша, қаланың экономикалық тұрақтылығын дәлелдейтін ғимарат – 2017 жылы өткен «Экспо-2017» халықаралық көрмесінің символы атанған, болашақтың энергиясына арналған Нұр Әлем сферасы [5, 24 б.]. Бұл – әлемдегі ең үлкен шыныдан жасалған сфералық ғимарат болды. Диаметрі 80 м., биіктігі 100 м. бұл ғимараттың салынуына 13 мың тоннадай шыны жұмсалған болатын.

Сонымен қатар, Астана қаласының кеңістігінің Ғашықтар саябағындағы фонтанның еуропалық мүсінші Г. Габсбургтың, «Жер ана» монументінің орыс мүсіншісі Д. Намдаковтың жобасымен жасалуы, «Өмір ағашы», «Мәңгілік ел» монументтері секілді авторлық жұмыстармен толығыуы қазақ елінің халықаралық диалогтарға дайын екенінің белгісі іспеттес.

Астана қаласының құрылысының тағы да басты ерекшеліктерінің бірі – оң және сол жақ жағалаулардың бір-бірінен ерекшеленуі. Оң жағалау – өткен мен бүгінді бейнелесе, сол жағалау – болашақтың символы ретінде салынған. Оң жағалаудағы Алматы және Сарырақа аудандарының ғимараттары өткеннің сәулет келбеті ретінде сақталған. Оң жағалаудың қоғамдық-мәдени кеңістігін қалыптастырудың тағы бір көрінісі ретінде, жаяу жүргіншілер жолында саябақтар, аллеялардың көптеп пайда болуын, жасыл аймақтардың бақтық заманауи және қазақ мифологиясына байланысты ескерткіштермен көрнекілендіруін байқауға болады. Бұл жайлы Астананың 20 жылдығына арнайы өткен «Астананың мәдени мәтіні» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында философия ғылымдарының докторы, Еуразия ұлттық университетінің философия кафедрасының жетекшісі К. Медеуова Астана қаласының коммеморативті саясатының екі бағытта жүріп жатқанын баяндады: «Алдымен кеңестік идеологияға сай ескерткіштерді алып тастап, орнына жаңадан мемориалды-символдық қала кеңістігін құру болды. Сондай-ақ, қазақтың бірегейлігінің жаңа мәтінін көрсету мақсатында ескерткіштердің формаларымен де эксперименттер жасалды. Олардың ішінде қазақстандық мүсінші, сәулетші С. Нарыновтың Еуразия ұлттық университеті аумағында жобаланған асық, тоғызқұмалақ секілді ұлттық нақыштағы мүсіндердің салынуын атап өтуге болады» [6].

Тағы ескере кететін жайт, Астана – полицентрлі қала. Бұл оның құрылымына ғана емес, халықтың орналасуына да байланысты. Полицентрлі қала болғанымен, жастар мен қарт кісілердің жиналатын орындары, оң жақ пен сол жақ жағалауы қызығушылықтарына байланысты бөлінетін қоғамдық орындардың барлығы бір-бірімен байланысып тұрады. 2019 жылы Тұңғыш Президент Астана қаласын креативті, талантты, жастардың және шетелдік

инвесторлардың тартылатын негізгі орталығына айналдыру міндетін қойған болатын. Ол үшін, сөзсіз, полицентрлікке негізделген жаңа урбанистикалық шешімдер мен қаланы құрудың жаңа тәсілдерін пайдалану керек болды. Осылайша, қаланы бірнеше бағытта дамыту жоспарланды:

Біріншісі – тұрғындарды дамыту. Себебі, қаланың басты капиталы – сонда өмір сүріп жатқан адамдар. Талантты тұрғындарды қызықтыру және ұстап қалу үшін көркем әлі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру қажет болды. Ең алдымен, сапалы тұрғын үйлер болса, кейіннен, қауіпсіз қоғамдық көлік, қоғамдағы жеке қауіпсіздік және денсаулық және білім беру орталықтарының жоғарғы сапасына көңіл аударылды.

Екіншісі – қаланың креативті экономикасы. Қаланы туристік орталыққа айналдыра отырып, Астананы ақылды және бақытты қала ретінде айқындау. Бұл бағытта туристтер мен тұрғындарға сапалы қызмет көрсету, жаңа сауда орталықтарының ашылуы, мемлекеттің басқа бөліктерін өзара байланыстырып тұрған транспортты-логистикалық жүйеге айналдыру жоспарланды.

Үшіншісі – қаланы жоспарлау. Қаланы жоспарлаудың, жаңа дәрежесіне көтеру. Бұл бағытта қазіргі Президентіміз Қ-Ж.К. Тоқаевтың ұстанып отырған «Адамдарға арналған қала» концепциясы жүргізіліп жатыр.

Астана қаласының мәдени кеңістігін құратын басты объектілеріне қаладағы театр, музей, кітапхана, концерттік орталықтар, мәдениет және демалыс саябақтары, арт-галереялар секілді мәдени орындар жатады. Астана Опера, Астана Балет, Қазақконцерт, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасы елордамызды халықтың өнерге қызығушылық арқылы бірігетін қазіргі заманғы озық алаңдарының біріне айналдырады.

Астанаға деген антропологиялық қызығушылық – бұл, биік ғимараттардың қазақтың ұлттық дүниетанымын бейнелеуіне; мүсін өнерінің қазақ мәдениетінің көрінісі ретінде; алғашқы онжылдықта жүргізілген масштабты сәулеттік жұмыстар халықтың қалыптасып жатқан жаңа дүниетанымына негіз болуына деген қызығушылық. Алайда, объективті тұрғыдан қарайтын болса, қаланың оң жағалауы мен сол жағалауының арасында, сәулеттік ғимараттар ғана емес, халықтың өмір сүру деңгейі, өмір салтына қарай да бірнеше келеңсіздіктер туатынын байқауға болады.

2019 жылы тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев ел басы орынынан отставкаға кету жайлы шешім қабылдаған уақытта, қаланың іргесін қалады деп есептеп, елордаға сол кісінің атын берген болатын. Бірақ, 2022 жылы қалаға қайта «Астана» атауы берілді. Қаланың атауы да өзіндік дәрежесін көрсетеді.

Эволюциялық биолог С. Уилсон басқа жерден келген бірнеше адам тобына Нью-Йорктегі Бингхэмтон қаласының әртүрлі суреттерін көрсету арқылы эксперимент жасаған болатын. Сол көшелердің кейбірінде бұзылған жолдар мен көпірлер, көгалдар мен тозығы жеткен үйлер болды. Ал келесілерінде таза жолдар, ідемі үйлер мен аулалар бейнеленді. Бұл экспериментке еріктілер шақырылды. Олар өздері көрген көшелердің тұрғынымен танысу қажет болды. Нәтижесінде, ғалымдар еріктілердің таза көшенің тұрғындарына көбірек сеніммен қарағанын байқайды. Еріктілердің ойына тіпті тұрғындардың мінез-құлқына қатысы жоқ көпірдің сапасы да әсер етті. Бұл зерттеуден адамдардың қоршаған ортаны метафора ретінде қабылдайтынын байқауға болады. Әйгілі ғұлама, ғалым – энциклопедист Әбунасыр әл-Фараби де «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында кез-келген қала тартымды, мейірімді, қайырымды болуы үшін оның әсем сәулет келбетінен бұрын ақылды да парасатты басшысы, таза мәдениеті және әдепті халқы болуы керек деп жазған болатын.

Қазіргі әлемде тұрғындардың қаланың сәулет келбетіне, мәдениетіне, дәстүріне оң көзқарас қалыптастыратын объектілер үлкен рөл атқарады. Оларға қасбеттері ұлттық нақышта бейнеленген тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жатқызуға болады. Ою-өрнекті

композициялардың қолданылуы Орталық Азияның ежелгі сәулет өнерінің образдарымен байланыса отырып, қала ғимараттарына ерекше бірегейлік сыйлайды. Қазіргі сәулет өнеріндегі бұл бағыт елорданың объектілеріне жаңа ұлттық құндылықтар енгізуде. Алайда, мұндай көріністер көбіне қоғамдық ғимараттарда жиі байқалады, себебі ондай ғимараттарда сәулеттік формалармен батыл эксперименттер жасау оңайға түседі, мысал ретінде Хан Шатыр мен Бәйтерек ғимараттарын келтіруге болады.

Мәдени мұра жайында көзқарас адамдарда қолданбалы өнердегі, киім, тұрмыстық заттарды жасап шығаратын мамандардың арқасында қалыптасады. Ою-өрнек сәндік-қолданбалы өнердің екі мың жыл бұрын пайда болған ең көне түріне жатады. Өрнектердің қасбеттерде қолданылуының сәтті ретінде Республика даңғылы бойындағы тұрғын үйлердің реконструкциясын қарастыруға болады. Бес қабатты үйлердің қасбеттерінде зооморфты, өсімдік және геометриялық өрнектер салынған. Ерте кезден, өсімдік өрнектердің бейнесі үлкен отбасы құрудың, бақыт пен бірліктің символы ретінде саналған, оларға табиғатпен жасалған нәзік пішіндер тән.

Бүгінгі күнде Астана ең маңызды іскерлік орталық болып табылады, кеше ғана «жаңа елорда» атағын алған қала қазірде жаңа Қазақстанның мақтанышы, ел бірлігі мен ұлттық идеологияның құрылған мекеніне айналды. Елорданы жастар арасында «кәсіпкерліктің қаласы» деп санайды. Бұл – қалада бизнес орталықтарының демалыс орындарына қарағанда жиі кездесуінен көрінеді. Әрі жаңа кәсіп бастаушылар да Астана қаласын жұмыс жасау үшін оңтайлы қала ретінде қарастырады. Алайда, қала осы қалыптасқан имидждан бас тартып, 2020 жылы қала әкімінің бастамасымен «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары жүзеге асырылып бастаған болатын. Жоба барысында қалада демалыс орындарын көбейтіп, қала тұрғындарын кешкі серуен барысында жиналуға шақырды. Сонымен қатар 2022 жылға дейін 900-ден астам аулалар мен аллеялар, бақтар абаттандырылды. Бұл Астананың тек қана бизнес орталық емес, жастар мен қарттарға бірдей ыңғайлы, халқының спортпен айналысуын үнемі қолдап отыратын жаңа қалаға айналдырды. Расында, велосипед жолдарында, аулаларда халықтың саны көбейе бастаған болатын.

Астана – бұл, биліктің көрінісі, қаржылық молшылық пен қаланың аңқаулығы жаңашылдыққа сай келтіретін жоба. Э. Блох жаңа ол расында жаңа емес, жаңаға деген сағыныш деп жазған болатын. Дәл осы сезім Астана қаласын зерттеушілерде болады. К. Медеуова Астана қаласын арман жобасы ретінде сипаттайды. Алайда, ол бір ғана адамның арманы ма, әлде халықтың ба, ол белгісіз. Астана бар болғаны ұлы сәулетшілердің, жаңа керемет идеялардың, және сол идеяларды іске асырушы шенеуніктердің, дәстүршілдердің көшпелі дөңгелегінде.

Астана қаласының жаңа мәтіні осы бағытта жазылып жатыр. Мемлекет алдына қаланың барынша халыққа ыңғайлы, таза, жаңа ағымдарға сай әрі көрікті имиджін сақтап қалу міндетін қойды. Демек, Астананың қоғамдық кеңістігінің қалыптасу бағыттары түрлі сфералармен байланысты. Келесі кезекте, қаланың мақсаты – осы шытырманның арасында өзінің бірегейлігін жоғалтпай, заманауи талаптарға сәйкес, әрі өзіндік тарихы сақталған, халыққа жайлы қаланың қоғамдық кеңістігін қалыптастыру.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Абсеметов М.О. Астана – город с тысячелетней историей // – Астана: ALCHIAI group, 2009. – 312 с.
2. Курокава К: Мегалополис XXI века никогда не остановится в росте // Проект Россия. 2002. №4. С. 21–25.
3. Иванова О.А., Особенности формирования архитектурного образа Астаны – новой столицы Казахстана // Вестник БГТУ им. В.Г. Шухова, 2017, №2. С. 97-105.
4. Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. – Алматы : Атамұра, 2005. – 192 б.



5. Альба Ф. Астана: архитектура, мифы и судьба. – Астана: 2017.

6. Медеуова К.А. Памятники Астаны // Статья в сборнике трудов международной научно-практической конференции «Культурный текст Астаны». – Астана, 2018. – С. 15-22.

УДК 316.325

## БУДУЩЕЕ ОТКРЫТОГО ОБЩЕСТВА

**Асетов Ардак Асетулы**

[assetov04@gmail.com](mailto:assetov04@gmail.com)

магистрант 2 курса ОП «7М02201- Философия и этика»

[ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан](#)

[Научный руководитель –ТолгамбаеваД.Т.](#)

В социально-философском осмыслении постоянно меняющегося мира человеческой цивилизации концепция открытого общества занимает особое место, воплощая ценности свободы, разнообразия и коллективного прогресса. Когда мы вглядываемся в будущее, перед нами предстает видение открытого общества, которое выходит за пределы географических, культурных и технологических границ, используя силу искусства и креативности для преобразования мира. В данной работе попробуем представить потенциальную модель открытого общества, исследуя меняющийся цифровой ландшафт, роль искусства и креативности, а также проблемы и возможности, которые ждут нас впереди.

Понятия закрытого и открытого общества ввел Анри Бергсон в работе «Два источника морали и религии», вышедшей в 1932 году. Эти два типа общества он соотносил, соответственно, с двумя типами морали статической и динамической [1]. После Бергсона детально данная концепция представлена в книге Карла Поппера «Открытое общество и его враги». Несмотря, на то, что книга вышла еще в 1945 году, она вызывает интерес и не теряет своей актуальности.

На русском языке книга издана в 1992 году и в предисловии «Письмо моим русским читателям» к первому тому «Чары Платона», К. Поппер отмечает: «Я защищаю в ней скромную форму демократического («буржуазного») общества, в котором рядовые граждане могут мирно жить, в котором высоко ценятся свобода и в котором можно мыслить и действовать ответственно, радостно принимая эту ответственность. Во многом оно походит на общество, ныне существующее на Западе» [2, с.7]. Также Поппер указывал, что «открытое» общество может со временем эволюционировать в «абстрактное». Философ характеризуя абстрактное общество, пишет: «Свойства «абстрактного общества» можно объяснить при помощи одной гиперболы. Мы можем вообразить общество, в котором люди практически никогда не встречаются лицом к лицу. В таком обществе все дела совершаются индивидуумами в полной изоляции, и эти индивидуумы связываются друг с другом при помощи писем или телеграмм и разъезжают в закрытых автомобилях. (Искусственное осеменение позволило бы даже размножаться без личных контактов.) Такое выдуманное общество можно назвать «полностью абстрактным или безличным обществом»»[2 ,с.219].

Концепция Карла Поппера интересна и актуальна потому, что помогает ответить на главный вопрос: как возможно организовать массы в сообщества без излишнего ограничения свободы личности под властью социума. Данный вопрос становится еще более актуальным с дальнейшим развитием различных технологий, формированием особого вида реальности – виртуальной. Виртуальная реальность объединяет множество людей, между которыми